

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

БСН100440014897, 21644-1917-МК заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2010 жылдың «04» сәуірінде берілген.



Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның атауы «ШҚО қаржы басқармасы» ММ 2021 жылғы 11 қаңтарындағы №II-51(К) бұйрығы негізінде «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» болып қайта тіркелді.

Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ03RBK00030115 хабарлама 2021 жылдың 16 қаңтарында алынды.

Заңды мекен-жайы: 070019, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қабанбай батыр көшесі 99/2

Электрондық мекен-жайы: **Laura- ab@mail.ru**; Телефон 8 (7232) 26-73-07, 8(7232) 26-64-58

Сайт: **[hpp://5.321.kz](http://5.321.kz)**

Instagram: **[arai_2010](#)**

Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК-на Аубакирова Венера Айтбай0ызы 2023 жылы «28» тамыз Өскемен қаласының білім беру бөлімі мемлекеттік мекемесінің №358-ж бұйрығымен ротациялану негізінде директор лауазымына тағайындалды.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу мен оқыту қызметі

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- «Бала құқығы туралы» конвенция;
- «Адам құқығы мен бостандықтарын қорғау туралы» Конвенция
- «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы;
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымындағы № 23-V Заңы;
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы;
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы «03» тамызындағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;
- ҚР ОАМ 2022 жылғы «31» тамызындағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
- ҚР ОАМ 2012 жылғы «20» желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (өзгерістер мен толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы «09» шілдедегі № 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдармен және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 Бұйрықпен бекітілді «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары.
- Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК даму бағдарламасына (бұдан әрі балабақша-бөбекжай) сай жүзеге асырады.

2. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлармен жұмыс:

- Педагог қызметкерлердің сандық көрсеткіші;
- Педагог қызметкерлердің сапалық көрсеткіші;

- Біліктілікті арттыру;
- Педагогтарды аттестаттау;
- Тәлімгерлік жұмыс;
- Жас мамандарға көмек.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК педагог қызметкерлерінің «Білім беру қызметіне қойылатын талаптарын және оның сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттары тексерілді.

МДҰ педагог қызметкерлердің жеке іс қағаздары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы толық толтырылған.

2022-2023 оқу жылындағы МДҰ педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтерді *2 қосымшадан* көруге болады.

2023-2024 оқу жылында 22 тәрбиеші, 13 педагог (музыка жетекшісі-4, дене тәрбиесі жетекшісі-2, логопед-дефектолог-1, хореограф – 2, психолог – 2, педагог асистент – 1, қазақ тілі мұғалімі - 1) және директор, әдіскер. Жалпы педагог қызметкерлер саны - 37.


Ескеретін жай: музыка жетекшілері, хореограф және психолог жыл көлемінде қосалқы мамандар ртінде өз міндеттерін атқарды.

Аталмыш жылдың қыркүйек айынан бастап, педагогтар бойынша қажетті бос орындар «Enbek.kz-электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталына жарияланып келеді.

Мекемедегі педагог қызметкерлердің *білім деңгейлері, еңбек өтілдері мен біліктілік санаттары, жас шамалары* туралы мәліметтерді төменгі кестелерден көруге болады.


**Педагог қызметкерлердің (оның ішінде пән мұғалімдері) білім деңгейлері
(қосалқы мамандарды қоса алғанда)**

Білім деңгейлері	Педагогтар саны		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жоғары	7	7	13
Орта	-	3	2




Тәрбиешілердің білім деңгейлері

Білім деңгейлері	Тәрбиешілер		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
		22	22
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (жоғары)	9	11	9
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (орта арнайы)	6	6	4
Жоғары педагогикалық	4	4	8
Кәсіптік және техникалық білім	3	1	1




Педагог қызметкерлердің еңбек өтілдері

Еңбек өтілі	Педагогтар саны		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1-3	9	8	3
4-7	7	8	7
8-11	3	3	10
12-15	4	4	6
16-19	1	1	2
20-23	3	4	2
23-тен жоғары	4	4	7




Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары (ескі ережеге сай)

Білім санаттары	Педагогтар саны		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жоғары	2	2	0
I	3	0	0
II	5	4	1
Жоқ	12	14	20




Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары (жаңа ережеге сай)

Білім санаттары	Педагогтар саны		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Педагог-мастер	0	0	0
Педагог-зерттеуші	1	0	0
Педагог-сарапшы	0	0	1
Педагог-модератор	7	9	14
Педагог	0	3	0



Педагогтардың білім жетілдіру курстарынан өткендері жайлы салыстырмалы мәлімет

Курсты ұйымдастырушы ұйымның атауы	Педагогтар саны		
	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық біліктілікті арттыру институты, ШҚО филиалы			27
«Педагог» әдістемелік кеңес беру орталығы		1	22
«Uzdik ustaz» әдістемелік білім беру орталығы		2	0
«Uzdik bilim» оқу-әдістемелік орталығы	1	0	0
«Өрлеу-EDUCATION» Республикалық әдістемелік орталығы		2	0
«Ашық ғылым орталығы " қоғамдық бірлестігі		1	0
«Нұрсұлтан» Республикалық әдістемелік және білім беру орталығы		3	0
Қазақстан Республикасы ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы		1	0
«Білім» білім беруді және мәдениетті дамыту Қоры		1	0



**Білім жетілдіру курстарының тақырыптары мен сертификат нөмірлері
(2023-2024 оқу жылы)**

№	Курс тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда сапалы тәрбие мен білім берудің педагогикалық аспектілері»		
	<i>Курсты ұйымдастырушы</i>	<i>Тыңдаушы Лауазымы</i>	<i>Сертификат № Берілген күні</i>
1	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Еламанова А.Н тәрбиеші	№ 0669065 27.10.2023 ж.
2	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Булғынбаева Г.А тәрбиеші	№ 0669064 27.10.2023 ж.
3	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Битимбаева С.С тәрбиеші	№ 0669063 27.10.2023 ж.
4	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Бахтиярова А.Б тәрбиеші	№ 0669062 27.10.2023 ж.
5	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Акатаева А.К тәрбиеші	№ 0669060 27.10.2023 ж.
6	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Андырбаев М.И Дене шынықтыру нұсқаушысы	№ 0669061 27.10.2023 ж.
7	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	№ 0669067 27.10.2023 ж.
8	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Қалиева Б.К тәрбиеші	№ 0669068 27.10.2023 ж.
9	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Қалымова А.С тәрбиеші	№ 0669070 27.10.2023 ж.
10	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Қанағатова А.Қ тәрбиеші	№ 0669071 27.10.2023 ж.
11	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Қасилимханова М.А тәрбиеші	№ 0669072 27.10.2023 ж.
12	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Мухамадиева А.Е тәрбиеші	№ 0669073 27.10.2023 ж.
13	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Нургазинова Ж.Х Педагог-асистент	№ 0669074 27.10.2023 ж.
14	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Омарбекова Б.М тәрбиеші	№ 0669075 27.10.2023 ж.
15	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Оралова Д.Т тәрбиеші	№ 0669076 27.10.2023 ж.
16	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Оспанова Қ.Б тәрбиеші	№ 0669077 27.10.2023 ж.
17	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Серікбаева Б.М тәрбиеші	№ 0669078 27.10.2023 ж.
18	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Тюменбаева Ж.Ж тәрбиеші	№ 0669079 27.10.2023 ж.
19	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Файзуллина Ж.С тәрбиеші	№ 0669080 27.10.2023 ж.
20	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Шағырова Г.Т тәрбиеші	№ 0669081 27.10.2023 ж.
21	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Шомбина Б.С тәрбиеші	№ 0669083 27.10.2023 ж.
22	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Айтахметова А.Е	№ 0669059

	ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ	тәрбиеші	27.10.2023 ж.
Курс тақырыбы: «Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде тәрбие мен оқыту процесін жоспарлау»			
1	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Еламанова А.Н тәрбиеші	№ 323 23.11.2023 ж
2	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Булгынбаева Г.А тәрбиеші	№ 320 23.11.2023 ж
3	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Битимбаева С.С тәрбиеші	№ 322 23.11.2023 ж
4	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Бахтиярова А.Б тәрбиеші	№ 327 23.11.2023 ж
5	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Акатаева А.К тәрбиеші	№ 321 23.11.2023 ж
6	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Жасымханова Ж.Б әдіскер	№ 305 23.11.2023 ж
7	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	№ 325 23.11.2023 ж
8	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Қалымова А.С тәрбиеші	№ 300 23.11.2023 ж
9	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Қанағатова А.Қ тәрбиеші	№ 317 23.11.2023 ж
10	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Қасилимханова М.А тәрбиеші	№ 324 23.11.2023 ж
11	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Мухамадиева А.Е тәрбиеші	№ 332 23.11.2023 ж
12	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Нургазинова Ж.Х Педагог-асистент	№ 316 23.11.2023 ж
13	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Омарбекова Б.М тәрбиеші	№ 314 23.11.2023 ж
14	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Оралова Д.Т тәрбиеші	№ 299 23.11.2023 ж
15	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Оспанова Қ.Б тәрбиеші	№ 306 23.11.2023 ж
16	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Серікбаева Б.М тәрбиеші	№ 330 23.11.2023 ж
17	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Тюменбаева Ж.Ж тәрбиеші	№ 328 23.11.2023 ж
18	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Файзуллина Ж.С тәрбиеші	№ 315 23.11.2023 ж
19	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Шагырова Г.Т тәрбиеші	№ 294 23.11.2023 ж
20	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Шомбина Б.С тәрбиеші	№ 309 23.11.2023 ж
21	«Педагог» әдістемелік білім беру орталығы	Айтахметова А.Е тәрбиеші	№ 288 23.11.2023 ж
Курс тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңартылған білім мазмұны бойынша жаңа бағдарламаның орындалуы және инклюзивтік білімді ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды ортаға қосу»			
1	«Нұрсұлтан» Республикалық әдістемелік және білім беру орталығы	Омарбекова Б.М тәрбиеші	№ 0053 25.01.2023 ж

Курс тақырыбы: «Үздік тәрбиеші»			
1	«Daryn» республикалық білім беру платформасы	Қанағатова А.Қ тәрбиеші	№ 22-49186 15.01.2024 ж

Педагог қызметкерлердің білім жетілдіру мақсатында қатысқан семинарлар, семинар-практикумдар (2023-2024 оқу жылы)

№	Қалалық семинар: «Результативность каждого занятия через развитие когнитивных качеств дошкольника»		
	Семинарды ұйымдастырушы	Тыңдаушы Лауазымы	Сертификат № Берілген күні
1	Қазақстандық қайта даярлау біліктілікті арттыру орталығы	Акатаева А.К тәрбиеші	№ 080071 16.09.2023 ж.
2	Қазақстандық қайта даярлау біліктілікті арттыру орталығы	Айтахметова А.Е тәрбиеші	№ 011057 29.01.2023 ж.
Семинар тақырыбы: «Заманауи профи-психолог»			
1	Заманауи психологтарды оқыту орталығы	Тюменбаева Ж.Ж. тәрбиеші	№ 2180 Қазан айы, 2023 ж.
Семинар тақырыбы: «Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған қызыметтің құралы ретінде»			
1	«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы	Оралова Д.Т тәрбиеші	№ 001447 2023 ж.
Қалалық семинар: «Балабақша – ұлттық құндылықтардың негізін қалаушы: тәрбие тал бесіктен басталады»			
1	«Шығыс» өңірлік орталығы	Шомбина Б.С тәрбиеші	№ 0804 01.2023 ж.
Қалалық семинар: «Жаңа заман педагогикасы: құндылықтар, үндеулер, мүмкіндіктер»			
1	С.Аманжолов атындағы ШҚУ	Файзуллина Ж.С	2023 ж
2	С.Аманжолов атындағы ШҚУ	Акатаева А.К	2023ж
3	С.Аманжолов атындағы ШҚУ	Тюменбаева Ж.Ж	2023ж
4	С.Аманжолов атындағы ШҚУ	Оралова Д.Т	2023ж
Республикалық конференция: «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің сапа шеңбері – үздіксіз кәсіби даму және сапаға бағытталған жаңашыл бастамалар»			
1	ШҚО ББ «Orken» ШҚ өңірлік білім беруді ақпараттандыру және дамыту ғылыми-әдістемелік орталығы» «Step by step» қоғамдық қоры «Педагог» мектепке дейінгі тәрбие әдістемелік білім беру орталығы	Аубакирова В.А	№ 107, 2023 ж
2		Жасымханова Ж.Б	№ 045, 2023 ж
3		Қалажанова Э.О	№ 051, 2023 ж
4		Айтахметова А.Е	№ 055, 2023 ж
5		Қанағатова А.Қ	№ 054, 2023 ж
6		Оралова Д.Т	№ 053, 2023 ж
7		Серікбаева Б.М	№ 052, 2023 ж
8		Қалиева Б.К	№ 050, 2023 ж
9		Акатаева А.К	№ 049, 2023 ж
10		Қалымова А.С	№ 048, 2023 ж
11		Омарбекова Б.М	№ 047, 2023 ж
12		Шомбина Б.С	№ 046, 2023 ж

Республикалық Оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысы: «Инклюзивті білім беру: инновациялық тәсілдері мен сын-қатерлері»		
Байқауды ұйымдастырушы	Қатысушының аты-жөні	Деңгейі және мерзімі
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	Аубакирова В.А	Грамота, 2024 ж
	Жасымханова Ж.Б	Грамота, 2024 ж
	Қалажанова Э.О	Грамота, 2024 ж
	Айтахметова А.Е	Грамота, 2024 ж
	Тюменбаева Ж.Ж	Грамота, 2024 ж
	Орманова Н.Р	Грамота, 2024 ж
	Серікбаева Б.М	Грамота, 2024 ж

2023-2024 оқу жылы педагог қызметкерлердің сайыстарға қатысқандары туралы мәлімет

№	Байқауды ұйымдастырушы Байқаудың тақырыбы	Қатысушының аты-жөні	Деңгейі және мерзімі
1	«Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық тәрбиелік журналы «Шебер тәрбиеші» байқауы	Айтахметова А.Е тәрбиеші	Халықаралық 1 дәрежелі Диплом № 01697, 2023 ж
2	«Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық тәрбиелік журналы «Бақытты балабақша» байқауы	Айтахметова А.Е тәрбиеші	Халықаралық 1 дәрежелі Диплом №01676, 2023ж
3	Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі «Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз» мерекесіне орай	Қанағатова А.Қ тәрбиеші	Мадақтама № 017041, 2023 ж
4	Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі «Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз» мерекесіне орай	Серікбаева Б.М тәрбиеші	Мадақтама № 017038, 2023 ж
5	«Мектепке дейінгі тәрбиеші» қалалық байқауы	Қанағатова А.Қ тәрбиеші	II дәрежелі Диплом № 018699, 2024 ж
6	«Qazaq Qogam» қоғамдық қоры «Алтын күз» республикалық байқауы	Битимбаева С.С тәрбиеші	Алғыс хат № 250814, 2023 ж
7	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	Булгынбаева Г.А тәрбиеші	Мақтау грамотасы № 6132, 2023 ж
8	«Bilimger.kz» республикалық білім порталы	Тюменбаева Ж.Ж тәрбиеші	Алғыс хат № ВА - 000009 12.10.2023 ж
9	«Qazaq Qogam» қоғамдық қоры «Алтын күз» республикалық байқауы	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 250141, 2023 ж
10	«Нұрсұлтан» республикалық әдістемелік және білім беру орталығы	Қалажанова Э.О	Алғыс хат № 0620, 2023 ж
11	«Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық тәрбиелік журналы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	Халықаралық 1 дәрежелі Диплом № 01698

	«Шебер тәрбиеші» байқауы		2023 ж
12	«Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық тәрбиелік журналы «Бақытты балабақша» байқауы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	Халықаралық 1 дәрежелі Диплом № 01677 2023 ж
13	«Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық тәрбиелік журналы «Үздік педагог» байқауы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	Халықаралық Диплом № 000219 2023 ж
14	«Media bilim» республикалық журналы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	Құрмет грамотасы № UK032F 2023 ж
15	«Өрлеу» республикалық педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы «Қош келдің, әз Наурыз» байқауы	Қалиева Б.К тәрбиеші	I дәрежелі Диплом №U01/03/23JYT054 2023 ж
16	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Media bilim» республикалық журналы	Қалымова А.С тәрбиеші	Мақтау грамотасы №6135 2023 ж
17	«Qazaq Qogam» қоғамдық қоры «Алтын күз» республикалық байқауы	Қасилимханова М.А тәрбиеші	Алғыс хат № 250136 2023 ж
18	«Qazaq Qogam» қоғамдық қоры «Алтын күз» республикалық байқауы	Омарбекова Б.М тәрбиеші	Алғыс хат № 250816 2023 ж
19	«Нұрсұлтан» республикалық әдістемелік және білім беру орталығы	Омарбекова Б.М тәрбиеші	Құрмет грамотасы № 0630 2023 ж
20	«Нұрсұлтан» республикалық әдістемелік және білім беру орталығы	Омарбекова Б.М тәрбиеші	Алғыс хат № 0630 2023 ж

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен сайыстарға тәрбиеленушілерін дайындаған педагогтер туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылы көлемінде педагог қызметкерлерге арналған сайыстардың басым көпшілігі онлайн форматында жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына қарай қатысып, алған нәтижелерін көре аласыздар.

№	Байқауды ұйымдастырушы Байқаудың тақырыбы	Қатысушының аты-жөні	Деңгейі және мерзімі
1	Қалалық «Әжем, анам және мен» байқауында тәрбиеленушісі III орын алғаны үшін	Қанағатова А.Қ. тәрбиеші	Алғыс хат № 017548, 2024 ж.
2	Қалалық «Әжем, анам және мен» байқауында тәрбиеленушісі III орын алғаны үшін	Серікбаева Б.М тәрбиеші	Алғыс хат № 017540, 2024 ж.
3	«Пони» халықаралық байқауында	Қанағатова А.Қ	Диплом

	жеңімпаздар мен жүлдергерлер дайындағаны үшін	тәрбиеші	№ 103051 2023-2024 ж
4	«Пони» халықаралық байқауында жеңімпаздар мен жүлдергерлер дайындағаны үшін	Серікбаева Б.М тәрбиеші	Диплом № 103069 2023-2024 ж ж
5	«Алатау групп» қоғамдық қоры «Кең дүние төсінді аш, мен келемін» атты Республикалық Өнер байқауында атқарған белсенділігі үшін	Қанағатова А.Қ тәрбиеші	Алғыс хат 2024 ж.
6	«Dara» өнер-білім орталығы «Ғажайып қыс» республикалық байқау жеңімпаз шәкірт дайындаған үшін	Битимбаева С.С тәрбиеші	Алғыс хат № 04482 2023 ж
7	«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қоры «Абай оқулары» республикалық байқауына жеңімпаздар дайындағаны үшін	Шағырова Г.Т Қазақ тілі пәні мұғалімі	Алғыс хат № 097706 20.11.2023 ж
8	«Dara» өнер-білім орталығы «Анама сыйлық» республикалық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 22409 2023 ж
9	«Dara» өнер-білім орталығы «Ғажайып қыс» республикалық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 22418 2023 ж
10	«Erudite» қоғамдық қоры «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» республикалық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 22413 2023 ж
11	«Dara» өнер-білім орталығы «Autumn fest» - 2022 республикалық шығармашылық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 10269 2023 ж
12	«Dara» өнер-білім орталығы «Мен майдангер ұрпағымын» республикалық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 22408 2023 ж
13	«Erudite» қоғамдық қоры «Тәуелсіздік тәңір сыйы» республикалық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 22415 2023 ж
14	«Dara» өнер-білім орталығы «Тіл – татулық тірегі» республикалық	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 22513

	байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін		2023 ж
15	«Dara» өнер-білім орталығы «Наурыз сыйы» республикалық байқауына жеңімпаз шәкірт дайындағаны үшін	Оралова Д.Т тәрбиеші	Алғыс хат № 021219 2023 ж
16	«Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық тәрбиелік журналы «Балапан – бояулар әлемі» байқауы	Қалажанова Э.О тәрбиеші	Халықаралық 1 дәрежелі Диплом № 01665 2023 ж
17	«Данышпан» республикалық қашықтық байқаулар орталығы «Күз-береке, күз-меренке» байқауына жеңімпаздар дайындағаны үшін	Қалымова А.С	Диплом №0010832 10.11.2023 ж
18	«Dara» өнер-білім орталығы «Ғажайып қыс» республикалық байқау жеңімпаз шәкірт дайындаған үшін	Омарбекова Б.М тәрбиеші	Алғыс хат № 03560 2023 ж

Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК педагог қызметкерлерінің аттестаттаудан өткендігі туралы мәлімет.

Әдістемелік жұмыстың тағы бір бағыты – ол аттестатталушы педагогтермен жүргізілетін жұмыс түрі.

Мекемедегі жұмыс мазмұны: ұйымдастырушылық саты, серіктестік (аттестацияға қатысатын педагогтермен жұмыс), аттестаттауды жүргізу және талдау негізінде жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылына 11 педагог қызметкер аттестаттау комиссиясына педагог-модератор санатына өтініш берді.


Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27.01.2016 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы №83 бұйрығына сай 2023-2024 оқу жылында 11 педагог-тәрбиеші сәуір айында өткен ұлттық біліктілік арттыруға арналған тест тапсырылды. Тест қорытындысы төмендегідей.

№	Аттестаттанушы педагог қызметкердің аты-жөні	Бейіні бойынша тәрбие мен оқыту әдістемесі. Мектепке дейінгі педагогика және психология
1	Қанағатова А.Қ.	37
2	Оралова Д.Т	30
3	Акатаева А.К	32
5	Серікбаева Б.М	29
6	Файзуллина Ж.С	29
7	Битимбаева С.С	26
8	Еламанова А.Н	27
9	Бахтиярова А.Б	28
10	Шагырова Г.Т	29
11	Тюменбаева Ж.Ж	29

Педагог-модератор санатына тесттен өткен 3 педагог (Қанағатова А.Қ., Оралова Д.Т., Акатаева А.К) балабақшаның аттестаттау комиссиясына портфолиолары тапсырылды. Қалған 8 педагог шілде айында болатын тестілеуге қайта бару ұсынылды.

Педагог қызметкерлердің жас шамалары

Жас шамалары	Педагогтар саны		
	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Педагогтардың жалпы саны	31	32	37
21-30 жас	11	11	7
31-40 жас	8	8	7
41-50 жас	5	5	12
51-60 жас	5	6	8
61-70 жас	2	2	3



Тәлімгерлік жұмыс:

Тәлімгер дегеніміз- ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру мен тәрбие саласына қатысты әдістемелерді игерген, білімді, кәсіби және адамгершілік қасиеттері жоғары тәжірибелі педагог.

2022-2023 оқу жылындағы тәлімгерлер мен жас мамандар тізімі

№	Тәлімгер	Мамандығы	Санаты	Еңбек өтілі	Жас маман	Мамандығы	Еңбек өтілі
1	Булгынбаева Г.А.	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен методикасы	Педагог-модератор	21 жыл	Рахымғалиева А.Б	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	1 жылға дейін
2	Қалажанова Э.О	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Педагог-модератор	13 жыл	Мухамадиева А.Е	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	6 жыл
3	Омарбекова Б.М	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Педагог-модератор	9 жыл	Оспанова Қ.Б	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	14 жыл
4	Қанағатова А.Қ	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	II санат	6 жыл	Орманова Н.Р	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	5 жыл
5	Нургазинова Ж.Х	Орыс тілі мен әдебиеті	жоқ	20 жыл	Шагырова Г.Т	Қазақ тілі мен әдебиеті	10 жыл

2022-2023 оқу жылына арналған жас маман мектебінің жұмыс жоспары

Мақсаты: жас маманның жұмысқа орналасуына және кәсіби өсуіне жағдай жасай отырып, бейімделу мәселелерін азайтуға және жас тәрбиешінің кәсіби қызметіне сәтті кірісуге ықпал жасау. Іс-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру, үнемі өзін-өзі дамыту және жетілдіруде әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану.

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
ӘДІСТЕМЕЛІК ТҮРҒЫДАҒЫ ЖҰМЫС				
1	1. Жас мамандармен атқарылатын ығармашылық жұмыс жоспарын құру. 2. Тақырыптық-күнтізбелік,	Қыркүйек, 2023 ж	Тәлімгерлер	Жұмыс жоспарлары. Тақырыптық-күнтізбелік жоспарлау.

	және күнделікті ұйымдас тырылған іс-әрекет жоспарын құруға көмек көрсету.			Жас мамандарға арналған әдісте мелік сервистің бағдарламасын құру
2	<p>1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 қаулысымен бекітілген жалпыға міндетті мемлекеттік стандартпен таныстыру.</p> <p>2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыратын үлгілі оқу бағдарламаларды зерделеу.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы ӘНХ зерделеу.</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін зерделеу.</p>	Қыркүйек, 2023 ж	Тәлімгерлер	Жұмыс жоспарлары. Тақырыптық-күнтізбелік жоспарлау. Жас мамандарға арналған әдісте мелік сервистің бағдарламасын құру
4	1. Мектеп жасына дейінгі балаларды білім алуға мотивтендіру жолындағы жас мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін арттырудағы тәлімгерлік жұмыстың тиімділігі.	Қазан, 2023 ж	Тәлімгерлер, әдіскер, психолог	Дөңгелек үстел
	2. «Өнерлі бала-тәуелсіз елдің жарқын болашағы»	Желтоқсан, 2023 ж	Тәлімгерлер, әдіскер, жас мамандар	Көрме
5	<p>1. Жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған шығармашылық жұмыс жоспарларын құру және бекіту.</p> <p>2. Балабақша-бөбекжайдың</p>	Қыркүйек, 2023 ж	Тәлімгерлер	Жылдық жұмыстарын жоспарлай білу іскерліктерін көтеру.

	дәстүрімен, ішкі тәртібімен таныстыру. 3. Іс-тәжірибедегі ұйымдастырылған іс-әрекет (іс-әрекет жоспары, үйірме жұмыстары, топтағы құжаттардың рәсімделуі).			
4	1. Тәрбиеші-педагогтардың 2023-2024 оқу жылындағы жеке зерттеу тақырыптарын бекіту. 2. Жас мамандардың жұмысын түзеу мақсатында олардың ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысу. 3. Өз – өзіне (рефлексиялық іс-әрекет) талдау жасай білуге үйрету	Қазан, 2023 ж	ӘБ жетекшілері әдіскер, психолог	Тиімді жұмыс істеу үшін және оны енгізу үшін ақпарат алу
ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕГІ ЖҰМЫС				
5	1. Жас мамандарды әдістемелік күндерге қатыстыру. 2. Зияткерлік марафондарға арналған тапсырмалар әзірлеуде жас мамандардың қатысуы. 3. Қабілетті балалармен жұмыс істеуге үйрету.	Қараша, желтоқсан 2023 ж	ӘБ жетекшілері әдіскер, психолог	Ұйым-ған оқу іс-әрекеті және іс – шаралардың әзірлемелері. Ұйым-ған оқу іс-әрекетінде инновациялық технологияларды қолдана білу деңгейіне жеткізу. Өз жұмысын және тоқсан нәтижелерін талдай алу дәрежесі.
6	4. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда қойлатын талаптарды ескере отырып мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін дамыту.	Қаңтар, 2024 ж	ӘБ жетекшілері әдіскер мен педагогтар	Семинар-тренинг
7	5. Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін арнайы жағдай жасау.	Сәуір, 2024 ж	ӘБ жетекшілері әдіскер мен педагогтар	Дөңгелек үстел
	1. Өздік білім жетілдіру бойынша жас мамандардың есебі.	Наурыз, сәуір 2024 ж	Жас мамандар, ӘБ	Жас мамандардың жаңаша ойлау

	<p>2. Зерттеу жұмысын жаңадан бастаған-дардың семинарларға баруы.</p> <p>3. Тәлімгерлердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу</p> <p>4. Ғылыми - практикалық конферен-ция шеңберінде дөңгелек үстелде сөйлеу үшін дайындық</p>		жетекшілері әдіскер, психолог	қабілеті қалыптасады, зерттеумен айналысады, іс – әрекет нәтижесін жобалай білуі қалыптасады.
ӨЗДІК ЖҰМЫС				
8	Тоқсан және жарты жылдық қорытындылары бойынша мамандарды өзінің жұмысына өзіндік талдау жасаулары.		ӘБ жетекшілері әдіскер, психолог	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің және іс – шаралардың әзірлемелері. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетте инновациялық технологияларды қолдана білу деңгейіне жеткізу.
8	Ұйымдастырылған оқу қызметінің мәнін аша білу, оқу қызметінен тыс шараларды ұйымдастыра білу және талдау жасай білу іскерліктерін шыңдау.	Жыл көлемінде	ӘБ жетекшілері әдіскер, психолог	Өздігінен проблемаларды шешу жолындағы психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделеу.
9	Өз жұмысының талдауы мен әдістемелік бірлестікте сөз сөйлеу.	Мамыр 2024 ж	Жас маман тәлімгерлер	Өз жұмысының талдауы. Жас маманның портфолиосы. Жұмысы туралы есеп. Іс – әрекет нәтижесін жобалай білуі қалыптасады.
ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫС				
10	Жас мамандардың ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу, өздік талдау жасау.	Ақпан, 2024 ж	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер әдіскер	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кезінде инновациялық технологияларды қолдана білу деңгейіне жеткізу.Өз жұмысын және тоқсан нәтижелерін

				талдай алу дәрежесі.
11	Ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс уақытта жүргізілетін шараларға бақылау.	Наурыз, 2024 ж	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер әдіскер	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде инновациялық технологияларды қолдана білу деңгейіне жеткізу.
12	Білім жетілдіру бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу бойынша есеп беру	Сәуір, 2024 ж	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер әдіскер	Тәрбиелеу мен оқытудағы жаңа технологияларды қолданудағы ізденістерін, әдіс-тәсілдерін көрсету арқылы бүгінгі білім беру талабына сай кәсіби құзырлықтарын жетілдіру.
13	Педагогикалық ұжымның жас маманға берер бағасы және кеңестер мен нұсқаулар.	Мамыр, 2024 ж	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер Әдіскер, директор	Бүгінгі білім беру талабына сай кәсіби құзырлықтарын жетілдіру.

Жас мамандардың 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарына тоқталып өтсек: **Рахымғалиева Айдана Болатқызы** №3 педагогикалық кеңестің тақырыбына сай белсенділік орталығында «Ақ қоян» ашық ұйымдастырылған ойын іс-әрекетін өткізді., **Мухамадиева Айгерім Ержанқызы** №3 педагогикалық кеңеске «*Kishi top балаларының сенсорлық дамуындағы ойынның маңыздылығы*» тақырыбында баяндама оқып, іс-тәжірибемен бөлісті. Сонымен қатар түрлі мерекелік ертеңгіліктеді кейіпкер болып, актерлық шеберлігін де шыңдады. **Оспанова Карлығаш Бакыткановна** №2 педагогикалық кеңеске «*Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық мәдениетін қалыптастырудың алғы шарттары*» тақырыбында баяндама оқып, іс-тәжірибесімен бөлісті. **Орманова Назерке Рахметолиовна** №4 әдістемелік кеңесте «*Құм терапиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелі ойлауын дамыту*» зерттеу тақырыбының I – ші кезеңіне тоқталды. Қазақ тілі пәні мұғалімі **Шағырова Гүлім Талғатбековна** №2 педагогикалық кеңес тақырыбына сай «*Ата мен бала*» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін көрсетті. Сонымен қатар жыл көлемінде «*Тілашар*» үйірмесіне жетекшілік етті. Үйірме тәрбиеленушілерімен түрлі жарыстарға қатысып, I, II дәрежелі диплом иегерлері атанды. Үйірме

қорытындысы негізінде «Ақылды балапан» ертегісін жоғары деңгейде сахналатты.

Тәрбиеленушілер контингентіне талдау

2023-2024 оқу жылындағы тәрбиеленушілер контингентінің сандық көрсеткіші

№	Кіші топ (2 жастан)	Орта топ (3 жастан)	Ересек топ (4 жастан)	Мектепалды тобы (5 жастан)	Барлығы
Норма бойынша	40	50	75	100	265
Нақты келгендер	43	50	75	90	258

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы (2023-2024 оқу жылы)

№	Топтар	Тәрбиеленушілердің саны	Келгені	Кеткені	Тәрбиеленушілердің оқу жылы соңындағы саны
1	«Күлпынай» кіші топ	21	21	0	21
2	«Балапан» кіші топ	22	22	0	22
3	«Балдырған» орта топ	25	25	0	25
4	«Түймедақ» орта топ	25	25	1	24
5	«Ботақан» ересек топ	25	25	10	15
6	«Аққу» ересек тобы	25	25	2	23
7	«Бәйшешек» ересек тобы	25	25	2	23
8	«Шие» мектепалды даярлық тобы	23	23	23	0
9	«Өрік» мектепалды даярлық тобы	24	24	24	0
10	«Аққайың» мектепалды даярлық тобы	23	23	23	0
11	«Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобы	20	20	20	0
	Барлығы	258	258	105	153

Ескеру: Тамыз айында күнтізбелік жылға қарай бос орындар қосымша жарияланды.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының

бiдiм және ғылым министрiнiң 2020 жылғы 19 маусымындағы №254 бұйрығына сәйкес автоматтандырылған жүйе арқылы қабылданды.

Аталмыш оқу жылы барысында 2 жастан 6 жасқа дейiнгi балаларды топтастыруда 89 мемлекеттiк қызмет көрсетiлдi.

Мектепке дейiнгi ұйымға 258 тәрбиеленушiнiң 56-ы көпбалалы отбасынан. Жыл көлемiнде бұл санаттағы балалар «Өскемен қаласы мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдары тәрбиеленушiлерiнiң жекелеген санаттарын тегiн тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» ШҚО Өскемен қаласы әкiмдiгiнiң 2019 жылғы «05» желтоқсандағы №4896 қаулысы негiзiнде балабақшада тегiн тамақпен қамтамасыз етiлдi. Сонымен қоса «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КММ анықтамасы негiзiнде **12 тәрбиеленушi ерекше бiлiмдi қажет ететiн балалар қатарынан.**

Олар:

1. Талгатова Мадина Алмасқызы (05.12.2019) - диагноз: Нарушение общения и социального взаимодействия. «Қызғалдақ» тобы
2. Құдайберген Ислам Айдосұлы (10.07.2019) - диагноз: ЗПР со значительными нарушениями произвольной регуляции и поведения. ОНР I уровня. «Ботақан» тобы
3. Бауыржан Шерхан Ертасұлы (29.10.2019) - диагноз: ЗПР. ОНР, начало 2 уровня, обусловленное сенсорной недостаточностью. «Бәйшешек» тобы
4. Ерболов Даниял Сергеевич (28.08.2019) - диагноз: ОНР 1-2 уровня, обусловленная моторной недостаточностью. Интеллектуальная норма.«Аққу» тобы
5. Канат Жумагали (29.07.2018) – диагноз: Протестные реакции «Өрiк» тобы
6. Нұрлан Төре – Нұр Асқарұлы (16.09.2019) –диагноз: Трудности общения и социального взаимодействия. ОНР 1- 2 уровня. «Аққу» тобы
7. Ермекбаев Арнур Ернурович (21.09.2018) –диагноз: Нарушение общения и социального взаимодействия. ОНР 1 уровня «Өрiк» тобы
8. Дәулеткелдіқызы Айша (07.03.2019) - диагноз: Общее недоразвитие речи, начало 2 уровня. Интеллектуальная норма. «Аққу» тобы
9. Болат Аңсар Ринатұлы (24.08.2018) – диагноз: ЗПР. ОНР 1 уровня сенсомоторной недостаточностью. «Аққайың» тобы
10. Алтынбеков Ерасыл Алтынбекұлы (30.06.2018) – диагноз: Интеллектуальная норма. ОНР 2 уровня. «Аққайың» тобы.
11. Хасанова Наргиз Надировна (01.08.2018) – диагноз: ОНР 1- 2 уровня, обусловленное моторной недостаточностью. Интеллектуальная норма. «Шие» тобы.
12. Мусин Тамирлан Расулович (18.11.2021) – диагноз: ЗПР с трудностями общения и социального взаимодействия. «Құлпынай» тобы.

Нұрлан Төре – Нұр Асқарұлына., Талгатова Мадина Алмасқызына., Мусин Тамирлан Расуловичқа., Ермекбаев Арнур Ернурович ПМК

қорытындысы бойынша педагог-ассистент сүйемелдеуі қажет болғандықтан, Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінен 2023-2024 оқу жылында **педагог-ассистент лауазымының бірлігі бөлінгенімен, маман тапшылығы байқалды.**

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұны 2023-2024 оқу жылында мектепке дейін тәрбие және оқытумен қамтамасыз етумен ҚР ОАМ 2022 жылғы «31» тамызындағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы «03» тамызындағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы «09» шілдедегі № 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдармен және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары, «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою» мемлекеттік қызмет стандарты (ҚРҮҚ №1119) негізінде жүзеге асырылды.

4. Оқу-әдістемелік жұмысқа талдау

Әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің заңнамалық және нормативтік құжаттарымен, балабақша-бөбекжай жарғысымен және Мектепке дейінгі ұйымның жергілікті құжаттарымен тұжырымдалған. Мекеменің педагог қызметкерлерінің өздігінен білім алу табыстылығы әдістемелік қызметтің қолдауы мен сөмегіне тікелей тәуелді болады, оның негізгі мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме рейтингін көтеру және сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсатында педагогтардың кәсіби біліктілік көтеруге жағдай жасау.

2023-2024 оқу жылындағы мекемедегі тәрбиелік-білім беру үрдісін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік жұмыстары

- Педагогикалық кеңес
- Әдістемелік кеңес
- Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті.
- Мектепке дейінгі балалардың жалпы өмірін қауіпсіздендіру негізінде жұмыстар
- Жеке тұлғаны дамытудағы жеке жұмыстар
- Педагогтермен жеке жұмыстар

Осы бағыттар негізінде жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік кеңес қажетті дайындықпен мерзіміне сай өткізілді. Педагогикалық

кеңестерге дайындық барысында мекеменің барлық педагог қызметкерлері мемлекеттік стандарттың жалпы ережелері мен талаптарын жүзеге асырды.

№1 Педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру аясында 2023-2024 оқу жылы педагогикалық ұжым жұмысының негізгі бағыттары.

Күн тәртібінде:

1. № 5 педагогикалық кеңестің (2022 ж, мамыр айы) шешімі бойынша атқарылған жұмыстарға талдау.

Әдіскер: Жасымханова Ж.Б.

2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда және мектеп алды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.

Жауапты: әдіскер: Жасымханова Ж.Б.

3. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы.

Жауапты: әдіскер, топ тәрбиешілері

4. 2023-2024 оқу жылында аттестатталанушы педагогтардың арыз – өтініштерін қабылдау.

Жауапты: әдіскер: Жасымханова Ж.Б.

5. *Жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту:*

- Үлгілік оқу жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі;
- «Тәлімгерлік жұмыстың» жұмыс жоспары;
- «Психологиялық» қызметтің жұмыс жоспары;
- «Логопедиялық» қызметтің жұмыс жоспары;
- Медициналық қызметтің жұмыс жоспары;
- Өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыс жоспары;
- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмыс жоспары;
- «Терроризмге қарсы» жұмыс жоспары,
- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» жұмыс жоспары;
- «Мәңгілік ел!» мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларға рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс жоспары.
- Педагог қызметкерлердің шығармашылық жоспары.

Жауаптылар: әдіскер, бірлестік және үйірме жетекшілері, медбике, тәрбиешілер мен пән мұғалімдері, шаруашылық меңгерушісі

№1 педагогикалық кеңестің шешімі

1. Балалардың психикалық әл-ауқатын, қауіпсіздігі және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға бағытталған, үлгілік типтік бағдарлама міндеттерін жүзеге асырудағы заттық – дамытушы ортаны жабдықтау.

Мерзімі: №2 пед кеңес

Жауаптылар: топ тәрбиешілер және педагогтар

2. 2023-2024 оқу жылына аттестаттану комиссиясына өтініш берген төмендегі педагогтар:

1. Оралова Дана Тұрарғалиева
2. Серікбаева Бақытгүл Мейірқызы
3. Қанағатова Ардақ Қалымғазықызы
4. Еламанова Ажар Нурбековна
5. Тюменбаева Жанар Жумадиловна
6. Файзуллина Жанар Сайдракымовна
7. Бахтиярова Арайлым Баймухановна
8. Акатаева Асемгуль Кошеновна
9. Битимбаева Сымбат Сарыбаевна

Өтініштерін қабылдау және тестілеуден өту.

Мерзімі: №1 пед кеңес

Жауапты: Педагог қызметкерлер

3. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатта көрсетілген үлгі бойынша перспективалық жоспар мен циклограмма әзірленіп, әр айдың соңғы аптасының жұма күндері әдіскермен бекітілсін.

Мерзімі: Жыл көлемінде

Жауапты: Әдіскер, педагогтар

4. Балабақшадағы балалардың жаңа оқу жылына бейімделулеріне бақылау жүргізіліп, әлеуметтік карта толтырылсын. Нәтижесін қыркүйек айының 4 аптасындағы директор жанындағы оперативтік кеңесте қаралсын.

Мерзімі: №2 директор жанындағы оперативтік кеңес

Жауапты: Педагог қызметкерлер

5. 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарлары бекітілсін:

- «Тәлімгерлік жұмыстың» жұмыс жоспары.
- «Психологиялық қызмет» және «Логопедиялық қызмет» жұмыс жоспары.
- Медициналық қызметтің жұмыс жоспары.
- Өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыс жоспары.
- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмыс жоспары.
- «Терроризмге қарсы» жұмыс жоспары.
- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» жұмыс жоспары.
- Педагог қызметкерлердің шығармашылық жоспары.

Мерзімі: №1 директор жанындағы оперативтік кеңес

Жауаптылар: топ тәрбиешілер және педагогтар

№2 Педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Жаңартылған білім мазмұны бойынша тәрбиелеу мен оқу сапасын жақсартудағы тиімді әдістер мен тәсілдер».

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша атқарылған жұмыстарға талдау.

Әдіскер: Жасымханова Ж.Б.

2. «Мектепке дейінгі кіші топ балаларының тілдік дамуының психологиялық негіздері»

Тәрбиеші: Шомбина Б.С., іс-тәжірибеден

3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық мәдениетін қалыптастырудың алғы шарттары.

Тәрбиеші: Оспанова Қ.Б., іс-тәжірибесінен

4. «Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі арқылы экологиялық тәрбие берудің маңызы».

Тәрбиеші: Қалиева Б.К., іс-тәжірибесінен

5. «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәжірибелі-эксперименттік жұмысты жоспарлау мен жүргізу жолдары».

Тәрбиеші: Омарбекова Б.М., іс-тәжірибесінен

№ 2 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Балалардың психикалық әл-ауқатын, қауіпсіздігі және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға бағытталған, үлгілік типтік бағдарлама міндеттерін жүзеге асырудағы заттық – дамытушы ортаны жабдықтау жалғастырылсын.

Мерзімі: №3 пед кеңес

Жауаптылар: топ тәрбиешілер және педагогтар

2. 2023-2024 оқу жылына аттестаттану комиссиясына өтініш берген төмендегі педагогтар қаңтар айында болатын тестке дайындалсын:

1. Оралова Дана Тұрарғалиева
2. Серікбаева Бақытгүл Мейірқызы
3. Қанағатова Ардақ Қалымғазықызы
4. Еламанова Ажар Нурбековна
5. Тюменбаева Жанар Жумадиловна
6. Файзуллина Жанар Сайдракымовна
7. Бахтиярова Арайлым Баймухановна
8. Акатаева Асемгуль Кошеновна
9. Битимбаева Сымбат Сарыбаевна

Мерзімі: Қаңтар айы

Жауапты: Педагог қызметкерлер

10. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай барлық топта заттық дамытушы орталары анықталып, балалардың топпен жұмыс істеулеріне дағдыландырысын. (белсенділік орталықтары анықталып, бала санына сай карточкалар дайындалсын).

Мерзімі: №3 пед кеңес

Жауапты: Педагог қызметкерлер

11. Балалардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруда және түрлі дағдыларын дамытуда ойындар мен қажетті ресурстар жүйелі қолданылысын.

Мерзімі: жыл көлемінде

Жауапты: Педагог қызметкерлер

12. «Алтын күз» мерекелік ертеңгілігі мен №2 педагогикалық кеңеске берілген ашық ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті жинақ ретінде шығарылсын.

Мерзімі: №3 пед кеңес

Жауапты: Педагог қызметкерлер

13. Желтоқсан айында өткізілетін атаулы мерекелерде балалардың өмір қауіпсіздіктері сақталсын.

Мерзімі: желтоқсан айы

Жауапты: Педагог қызметкерлер

14.16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мен «Жаңа жыл» мерекелік ертеңгіліктерінің сценарийі бекітілсін.

Мерзімі: 10 желтоқсанға дейін

Жауапты: Педагог қызметкерлер

№3 Педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Ойын арқылы балалардың коммуникативтік-тілдік қабілеттерін дамыта отырып адамгершілікке тәрбиелеу»

Күн тәртібінде:

1. № 2 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша атқарылған жұмыстарға талдау.

Әдіскер: Жасымханова Ж.Б.

2. Интеллектуалдық ойындар – мектеп жасына дейінгі балалардың таным қызығушылықтарын дамыту құралы

Тәрбиеші: Еламанова А.Н., іс-тәжірибесінен

3. «Мектепке дейінгі ересек топ балаларының жобалау іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, олардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру».

Тәрбиеші: Битимбаева С.С., іс-тәжірибесінен

4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда театрландырылған әрекетті ұйымдастырудың тиімді жолдары».

Тәрбиеші: Тюменбаева Ж.Ж , іс-тәжірбиесінен

5. «Мектепалды даярлық топ балаларының математикалық түсініктері мен логикалық ойлауын дамыту жолдары».

Тәрбиеші: Қалажанова Э.О, іс-тәжірбиесінен

6. Кіші топ балаларының сенсорлық дамуындағы ойынның маңыздылығы.

Тәрбиеші: Өмірзақ О.Д, іс-тәжірбиесінен

7. «Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі ойынның маңызы»

Оқу жылының соңында Канат Жумагали (29.07.2018) №19 қосымша білім беру орталығы 1-ші сыныбына, Болат Аңсар Ринатұлы (24.08.2018) №46 орта орта мектептің 1-ші сыныбына, Хасанова Наргиз Надировна (01.08.2018), Алтынбеков Ерасыл Алтынбекұлы (30.06.2018) №35 орта мектебінің 1 сыныбына, Ермекбаев Арнур Ернурович (21.09.2018) арнайы білім беру ұйымына шығарылды. Құдайберген Ислам Айдосұлы (10.07.2019), Бауыржан Шерхан Ертасұлы (29.10.2019) , Ерболов Даниял Сергеевич (28.08.2019) , Нұрлан Төре – Нұр Асқарұлы (16.09.2019) және Дәулеткелдіқызы Айша (07.03.2019) 2023-2024 оқу жылында мектепалды тобына көшіріліп, жеке бағдарлама бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жалғастырылады деп күтілуде.

2023-2024 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жұмысына талдау

Психологиялық қызметінің басты мақсаты – балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. Балалардың дамуында толыққанды және жан-жақты психологиялық-педагогикалық жағдай жасау.

Барлық жұмыс жүргізілген топтар саны – 9, оның ішінде: ортаңғы топтар «Балдырған» және «Түймедақ», ересек топтар – «Бәйшешек», «Ботақан», «Аққу»және мектепалды топтар – «Аққайың», «Шие», «Қызғалдақ», «Өрік».

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттары

Психоадаптация:

Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу – балабақшаға алғаш келген баланың жаңа ортаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделу, сонымен қатар ата-анасына балабақша өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек беру.

Психологиялық диагностика:

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Әрбір балаға психологиялық-педагогикалық мінездеме жасау.

Психикалық түзету және дамыту:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психикалық түзетудегі ағарту жұмыстары:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау. Бұл – балалармен, ата-аналармен, педагогтармен және ұжымның барлық мүшелерімен алдын-ала жүргізілетін жұмыс түрі.

Психологиялық кеңес:


Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу.

Психологиялық білімді көтеру:


2024 жылдың ақпан айында ортаңғы, ересек және мектеп алды даярлық топтар балаларының танымдық қабілеттерін (есте сақтау, ойлау, зейін, қабылдау, қиял) анықтау мақсатында Н.Н.Павлов пен Л.Г.Руденконың «Балабақшадағы экспресс-диагностика» атты әдістемесі жүргізілді. Ортаңғы «Түймедақ», «Балдырған» топ балаларымен аталған әдістеме бойынша («Ретімен орналастыр», «Үлкен, кіші затты ата», «Артық затты тап», «Есінде сақта», «Қиылған суреттерді құрастыр», «Бірдей заттарды тап?») әдістемелері қолданылып, балалардың таным үрдістерінің деңгейлері анықталды. Ал ересек «Бәйшешек», «Ботақан», «Аққу» топтар мен даярлық «Өрік», «Қызғалдақ», «Шие», «Аққайын» топ балаларымен мынандай әдістемелер жүргізілді: «Артық затты тап?», «8 затты есінде сақта(көру арқылы)», «Көрсет және ата», «Лабиринт», «Суретке үй тап», «Неге ұқсайды?», «Қиылған суреттерді құрастыр» атты әдістемелер қолданылды. Диагностика қорытындысы төменгі нәтижелерді көрсетті:

№	Топтың атауы	Бала саны	Жоғарғы деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
1	«Түймедақ» орта топ	17	2 (12 %)	10 (59 %)	5 (29 %)
2	«Балдырған» орта топ	17	3 (17 %)	9 (54%)	5 (29 %)
3	«Бәйшешек» ересек топ	15	5 (33%)	8 (54 %)	2 (13%)
4	«Ботақан» ересек топ	17	3 (18 %)	11(64 %)	3 (18 %)
5	«Аққу» ересек топ	16	4 (25 %)	10 (63%)	2 (12 %)
6	«Өрік» мектепалды тобы	14	5 (35%)	7 (50%)	2 (15%)


7	«Шие» мектепалды тобы	12	2 (17%)	7 (58%)	3 (25%)
8	«Қызғалдақ» мектепалды тобы	18	6 (35%)	8 (48%)	3 (17%)
9	«Аққайын» мектепалды тобы	16	5 (32%)	9 (56%)	2 (12%)



«Түймедақ», «Балдырған» орта топтары



«Бәйшешек», «Ботақан», «Аққу» ересек топтары



«Өрік», «Қызғалдақ», «Шие», «Аққайын» мектепалды даярлық топтары

Диагностика қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен балалармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліді. Танымдық қабілеттерін арттыруға жеке тапсырмалар, эмоциялық жай-күйін жақсарту мақсатында «Көңілді күлдіргіштер», «Мені қайтала» жатығулары жүргізілді.

Гипербелсенді балалармен атқарылған жұмыстар: Танысу ойындары. «Менің жақын досым», релаксацияға арналған жаттығу балалардың бір біріне камқорлықпен қарауды үйрету. «Бір сызық», «Тасбақа»- қимыл-қозғалысты тұрақтандыру.«Күлуге тыйым салынады» құштарланған топты тыныштандыру және зейінді талап ететін жұмысқа икемдеу. «Тез ауысы» қозғаушы көрудің үйлесімді дамыуы. «Қатып қал» өзін-өзі ұстаудың элементтерін құру. Сабырлықты сақтау жаттығулары. «Жүргізілген ойындар арқылы тәрбиеленеушілер өздерін бос сезініп, энергияларын сыртқа шығарады. Ойын арқылы қалыпты атмосфера қалыптастырып, өз іс-қимылдарын бақылады.

Топтық және коррекциялық – түзету жұмыстары жүргізілді. «Қабылдау мен ойлауды дамытатын ойын арқылы жаттығулар. Мақсаты: Тәрбиеленеушілердің ойлау мен қабылдауын дамыту». «Зейінің тұрақтандыруға арналған ойындар. Мақсаты: Балалардың зейінің тұрақтандыру. «Ес және қиялын дамытуға арналған ойындар. Мақсаты: Тәрбиешілердің ес және қиялын дамыту». «Саусақтар ойыны. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту». «Логикалық тапсырмалар берілді. Жас ерекшеліктеріне байланысты. Мақсаты: Логикалық ойлауды дамыту. Нәтижесінде тәрбиеленеушілердің ойлау,қабылдау, ес және қиялдары дамып, зейіндері тұрақтандырылды.

«Жақсы көңіл- күй жанға қуат» - атты педагогтарға арналған психологиялық теринг өткізілді. Жеке кеңестер өткізіліп, ұсыныстар берілді.

Ата-аналарға ұсыныстар:

- ✓ Мектепке психологиялық дайындық деңгейінің орташа, төмен көрсеткен балалардың ата-аналарының назарына:
 - Жазғы демалыс уақытында тапсырмалар беру;
 - Бала дамуына байланысты нақты тапсырмалар беру;
 - Балалардың өзін-өзі басқару дағдыларын этикалық әңгімелер, драмалық ойындар, ойын-сауық ережелері, өнер туындылары және отбасымен қарым-қатынас жасау арқылы жетілдіру.
 - Балалардың логикалық, шығармашылық ой-өрісін дамыту бойынша терең жұмыс жүргізу.

Тәрбиешілерге ұсыныстар:

- Балалардың өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіру бойынша этикалық әңгімелер, драмалық ойындар, ойын-сауық ережелерімен ойындар көркем шығармаларды оқып, отбасымен жұмыс істеу арқылы жетілдіру бойынша жұмыстарды жандандыру.

- Мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке даярлауға қалай үйрету болады, қажетті дағдыларды және когнитивтік процестерді дамытуға ата-аналарға кеңес беру үшін қажетті материалды таңдау.
- Балалардың логикалық, шығармашылық ой-өрісін дамыту бойынша терең жұмыс жүргізу.

Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру бойынша жүргізілген жұмысқа талдау

Қазіргі білім берудің жалпы стратегиясына сәйкес, баланың жеке басының дамуының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету қажет, бұл бастауыш және мектепке дейінгі білім беруде күрделі өзгерістер тудырады.

Мектепке дейінгі үшін сабақтастықтың мақсаты – баланың мектепке жеңіл, табиғи ауысуын қамтамасыз ететін жеке бас сапаларымен қасиеттерін ертерек дамыту. Көздеген мақсатқа жету жолында №5 «Арай» балабақша-бөбекжайы келесі міндеттерді жүзеге асыруда:

- балалардың денсаулығы мен денесінің дамуы;
- танымдық белсенділіктерінің даму деңгейлері;
- ақыл-ой және адамгершілік қасиеттері;
- шығармашылық және зияткерлік қабілеттерінің дамуы;
- ересектермен және құрдастармен қарым-қатынас біліктерін

Мектепке дейінгі балалықтан мектепке ауысу кезеңі күрделі кезең болып саналады. Сондықтан сабақтастықтың орны зор.

№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы КМҚК және «№35 орта мектебі» КММ тәрбие-білім беру қызметінің сабақтастық 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары жасалды.

Мақсаты:

- Балаларды мектепке дайындау;
- Балабақша-мектеп деңгейінде сабақтастықты сақтау;
- Бірыңғай білім беру кеңістігін жетілдіру.

Жоспарға сай мектепалды даярлық топ тәрбиешілеріне «Баланы мектепке дайындауда балабақша мен мектептің бірізділігі», ата-аналарға «Баланы мектепке жан-жақты дайындау – өте жауапты әрі маңызды іс» тақырыптарында кеңестер берілді.

2023-2024 оқу жылында 93 тәрбиеленуші балабақшамен қоштасып, төмендегі мектептердің 1-ші сыныбына өтініш берді. Олардың ішінде: «№35

орта мектебіне» 1 сыныпқа - 46 тәрбиеленуші, «№1 орта мектебіне» - 5, Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейіне» - 4, «№5 орта мектебіне» - 3, «№46 орта мектебіне» - 4, «Оралхан Бөкей» атындағы №44 мектеп-лицейіне» - 2, «№48 мектеп-қосымша білім беру орталығы» - 3, «№36 орта мектебіне» - 5, «№43 орта мектебіне» - 3, «№45 орта мектебіне» - 2, «№19 орта мектебіне» - 2, №20, №46, №49, №25, №6, №10, №14, №16, №47, №39, «Ахмер орта мектебіне» -1 тәрбиеленушіден тіркелді.

Ерекше білімді қажет ететін 1 тәрбиеленушіміз (*Ермекбаев Арнур Ернурович*) арнайы білім беру орталығына тіркелді.

Бақылау мен басшылық

2023-2024 оқу жылындағы бақылау мен басшылық:

1. Басқару

- Әкімшілік
- Өндірістік жиналыстар
- Директордың қатысуымен өтетін оперативтік кеңестер.

2. Бақылау

- Фронталды бақылау
- Салыстырмалы бақылау
- Тақырыптық бақылау
- Оперативту бақылау

№1 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары.

Жауапты: әдіскер

2. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 13.01.1999 жылғы №14 бұйрығының орындалуы («Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау»)

Жауапты: әдіскер

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары бойынша айтылған түзетулер ескерілсін.

Жауапты: әдіскер, педагог қызметкерлер

2. Білім және ғылым министрлігінің 13.01.1999 жылғы №14 бұйрығының орындалуы («Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау») сақталсын.

Жауапты: әдіскер, педагог қызметкерлер

№2 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін жасау және бекіту.

Жауапты: әдіскер

2. Педагогикалық кадрларды орналастыру. Тарифтеу. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта мазмұнының балалардың жас ерекшеліктеріне сай келуі.

Жауаптылар: Директор, әдіскер, тәрбиешілер

3. Оқу – тәрбие жұмысы бойынша күнтізбелік және апталық жоспарлардың жүргізілуі (мәлімдеме).

Жауапты: әдіскер, топ тәрбиешілері

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. ҮІӨ кестесіне сай жүргізілсін. Мекеме әдіскерінің тікелей қадағалауында болсын.

Мерзімі: жыл көлемі

Жауаптылар: әдіскер, педагог қызметкерлер

2. Барлық топтарда заттық-кеңістіктік дамытушы ортасының мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасалып жабдықталып аяқталсын.

Мерзімі: №2 пед кеңес

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері

1. Оқу – тәрбие жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет жүйелі жазылып, әрбір айда әдіскермен бекітіліп отырсын..

Мерзімі: жыл көлемінде

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері, педагогтар.

№3 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Ата-аналармен жаңа 2023-2024 оқу жылына келісім шартқа отыру жұмыстары жайында.

Жауаптылар: топ тәрбиешілері мен медбике

2. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары:

- Жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық;
- Нұсқаулықтармен таныстыру.

Жауаптылар: директор

3. Балалардың балабашаға бейімделу кезеңі жайлы (мәлімдеме)

Жауаптылар: топ тәрбиешілері

4. Жалпы топтардағы санитариялық тазалықтың сақталуы:

- Ыдыстарды жуу кезіндегі сақталатын ережелерін бекіту;
- Еден жуу ережесін бекіту;
- Жұмыс ерітіндісін дайындау ережесі;
- Жалпы тазалық жұмыстарын жүргізу.

Жауапты: медбике Ибраева Б.А

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Ата-аналармен жаңа 2022-2023 оқу жылына келісім шартқа отыру жұмыстары аяқталып, директорға қол мен мөр басылуға берілсін..

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілер

2. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтарға қол қойылсын.

Жауаптылар: мекеме қызметкерлері

3. Бейімделу кезеңінен ауыр өткен балалардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізілсін.

Жауапты: топ тәрбиешілері

4. Топтарда және жалпы ғимарат ішіндегі санитариялық тазалықтың сақталуы бойынша ережелер бекітілсін және топтарға, т.б қажетті орындарға ілінсін.

Жауапты: медбике Ибраева Б.А.

№4 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Ішкі тәртіптің орындалуы мен сақталуы.

Жауаптылар: топ тәрбиешілері

2. Педагог қызметкердің педагогикалық әдеп міндеттері мен нормаларын орындауы.

Жауаптылар: директор

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Балабақша қызметкерлері ішкі тәртіпті орындасын және сақтасын.

Жауаптылар: мекеме қызметкерлері

2. Педагог қызметкердің педагогикалық әдеп міндеттері мен нормаларын сақтасын.

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілер

№5 КЕЗЕКТЕН ТЫС ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы педагогикалық әдептің сақталуы.

Жауапты: мекеме директоры: Аубакирова В.А

2. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі» заңының негізінде педагогикалық әдептің сақталуы.

Жауапты: мекеме әдіскері: Жасымханова Ж.Б

КЕЗЕКТЕН ТЫС ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары уақытылы жүзеге асырылсын.

Жауапты: Директор, әдіскер, педагогтар

2. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі» заңының негізінде педагогикалық әдеп сақталсын.

Жауапты: Директор, әдіскер, педагогтар

№6 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Балалардың жеке және ұжыммен іс-әрекеті: демалу, тамақтану барысындағы нормаландырушы белгілі тәртіпті анықтау.

Жауаптылар: топ тәрбиешілері

2. Әрбір топтағы өткізілген ата-аналар жиналысының нәтижесі туралы.

Жауаптылар: әдіскер

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Балалардың жеке және ұжыммен іс-әрекеті: демалу, тамақтану барысындағы нормаландырушы белгілі тәртіп бойынша жүргізілетінін

Жауаптылар: мекеме қызметкерлері

2. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылып, әдіскерге өткізілсін.

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілер

№7 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.

Жауаптылар: директор, әдіскер, педагог-тәрбиешілер

2. Сауықтыру шараларын өткізу, балалардың денсаулығын нығайту және аурудың алдын алу негізінде салауатты өмір салтына қажетті жағдайларды туғызу.

Жауаптылар: медбике, дене тәрбие жетекшісі

3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара қарым-қатынасы, ата-аналардың әлеуметтік жағдайы»

Жауаптылар: топ тәрбиешілері

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Балалардың жаңа жыл кезіндегі қауіпсіздік бойынша жұмыс жүйелі жүргізілсін. Ата-аналармен негізгі ережелер таныстырылып, нұсқаулықтарға қол қойылсын.

Мерзімі: 21.12.2023 жыл.

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері

2. Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау, қауіпсіздік бойынша жұмыс жүйелі жүргізілсін. Ата-аналармен негізгі ережелер таныстырылып, нұсқаулықтарға қол қойылсын.

Мерзімі: 21.12.2023 жыл.

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері

3. Балалардың тілін, қиял-шығармашылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар бойынша түстен кейінгі уақыттарда жеке жұмыстар ұйымдастырылып ата-аналарға кеңестер жүргізілсін.

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері, педагогтар.

№8 ЖОСПАРДАН ТЫС ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Қызылшаның алдын алу шаралары. Ревакцинация туралы.

Жауаптылар: директор, мекеме медбикесі.

ЖОСПАРДАН ТЫС ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Қызылшаның алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізілсін.
2. 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалар ревакцинацияланулары қадағалансын.

Мерзімі: 01.02.2024 жыл.

Жауаптылар: медбике, топ тәрбиешілері

№9 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Балалардың интеллектуалдық-зияткерлік және шығармашылық ізденісті іс-әрекетін дамыту жолындағы тәрбиеші жұмыстарының нәтижелілігі.

Жауаптылар: директор, әдіскер, педагог-тәрбиешілер

2. Экология бұрыштарының қал-жағдайы

Жауаптылар: әдіскер, педагог-тәрбиешілер

3. "Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар.

Жауаптылар: директор, әдіскер, педагог-тәрбиешілер

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Балалардың интеллектуалдық-зияткерлік және шығармашылық ізденісті іс-әрекетін дамыту жолындағы тәрбиеші жұмыстарының нәтижелілігі қорытынды ашық ҮІӨ көрсетілсін..

Мерзімі: мамыр айы

Жауаптылар: әдіскер, педагог қызметкерлер

2. Барлық топтардағы экология бұрыштары балалардың жас ерекшеліктеріне сай толықтырылсын. Балаларды еңбекке баулу мақсатында экология бұрыштарындағы жұмыстарды мақсатты түрде жоспарлау жұмыстары жүйеленіп, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілсін.

Мерзімі: 30 сәуірге дейін

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері

3. "Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Мерзімі: Жыл көлемінде

Жауаптылар: директор, әдіскер, мекеме қызметкерлері

№10 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Күн тәртібінің орындалуы.

Жауаптылар: әдіскер

2. Тәулік бойындағы балалардың қимыл қозғалысының ұйымдастырылуы. Балалардың білім алу мен тамақ-тануына ата-аналардың төлемақысы туралы.

Жауаптылар: медбике, дене тәрбие жетекшісі

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Барлық топтарда күн тәртібінің дұрыс жоспарланып, орындалуы қадағалансын.

Мерзімі: жыл көлемінде

Жауаптылар: әдіскер, педагог қызметкерлер

2. Ай сайынғы төленетін төлемақыны әр айдың 10 – на дейін төленсін.

Мерзімі: жыл көлемінде

Жауапты: ата-аналар.

№11 КЕЗЕКТЕН ТЫС ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға қатыгездік көрсетпеу, педагогикалық этиканы бұзбау жайында түсіндірме жұмыстары.

Жауапты: әдіскер: Ж.Б.Жасымханова

КЕЗЕКТЕН ТЫС ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Балабақшада, балабақшадан тыс жерлерде педагогикалық этиканың сақталуын қадағалау.

Жауапты: балабақша қызметкерлері

2. Мектеп жасына дейінгі балаларға қатыгездік көрсетпеу, денсаулығына зиян тигізбеу қажет екендігін естен шығармау.

Жауапты: балабақша қызметкерлері

№12 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Заттық-кеңістік орталардың талапқа сай ұйымдастырылуы (сараптама).
Жауапты: Әдіскер
2. Балалармен 8 наурыз және 22 наурыз мерекелік ертеңгіліктерді өткізу туралы (есеп).
Жауапты: музыка жетекшілері
3. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау қорытындысы бойынша (есеп).
Жауапты: Әдіскер
4. Тамақтанудың ұйымдастырылуын тексеру қорытындысы (мәлімдеме).
Жауапты: мекеме медбикесі
5. Ата-аналармен бірлескен жұмыс нәтижесі туралы (мәлімдеме).
Жауапты: әдіскер

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Пәндік-дамытушы ортаның жабдықталуы талаптарға сай толық аяқталсын.
Мерзімі: 30 сәуірге дейін
Жауаптылар: әдіскер, педагог-тәрбиешілер
2. 8 және 22 наурыз мерекелік ертеңгіліктері жинақ ретінде шығарылсын.
Жауапты: Әдіскер, музыка жетекшілері
3. Аттестатталанушы педагогтардың портфолиолары өткізілген соң сәуір айының 3-23 аралығында өтетін ұлттық біріңғай тестілеуден өтсін.
Мерзімі: сәуір айы
Жауаптылар: аттестатталанушы педагогтар
4. Тамақтанудың ұйымдастырылуын қадағалау жалғасын тапсын.
Мерзімі: жыл көлемінде
Жауапты: мекеме медбикесі
5. Ата-аналармен бірлескен жұмыс нәтижесі бойынша белсенділік танытқан ата-аналар марапатқа ұсынылсын.
Мерзімі: Сәуір айы
Жауапты: әдіскер

№13 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. МДМ санитарлы-эпидемиялық тәртіп. СанПиН талаптарының орындалуы (мәлімдеме).
Жауапты: мекеме медбикесі Ибраева Б.А

2. Балалардың II-ші тоқсан қорытындысы бойынша мемлекеттік стандартты игеру деңгейлерінің нәтижесі туралы.

Жауапты: әдіскер Ж.Б.Жасымханова

3. Жарақаттанудың алдын-алу жұмыстарының нәтижесі

Жауапты: топ тәрбиешілері

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. МДМ санитарлы-эпидемиялық тәртіп пен СанПиН талаптарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын және жыл соңына дейін жалғасын тапсын.

Мерзімі: 30 маусымға дейін

Жауаптылар: әдіскер, медбике

2. Жарақаттану дәптерлерін жүргізу жалғастырылсын.

Мерзімі: жыл көлемінде

Жауаптылар: Медбике, топ тәрбиешілері

№14 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. Қорытынды ойын-сабақтар кестесін және ойын-сабақтар жоспарын бекіту.

Жауаптылар: мекеме әдіскер,

топ тәрбиешілері мен пән мұғалімдері

2. Мектепалды даярлық топ балаларын мектепке шығарып салу. Мерекелік ертеңгілік сценарийн бекіту.

Жауаптылар: Музыка жетекшілері, хореограф және

мектепалды даярлық топ тәрбиешілері

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік стандартты игеру деңгейлері.

Жауаптылар: әдіскер, психолог

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Қорытынды ойын іс-әрекеттерінің жоспары тапсырылсын.

Жауаптылар: педагог-тәрбиешілер.

тәрбиешілер мен пән мұғалімдері

2. Мектепалды даярлық топ балаларын мектепке шығарып салуға арналған мерекелік ертеңгілік өз уақытымен өткізілсін.

Жауаптылар: әдіскер., музыка жетекшілері мен тәрбиешілер

№15 ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСУЛЕР

1. «Жазғы сауықтыру шараларын» талқылау және бекіту.

Жауаптылар: әдіскер, педагог-тәрбиешілер

2. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.

Жауаптылар: әдіскер, педагог-тәрбиешілер

3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.

Жауапты: директор

ОПЕРАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. «Алақай жаз келді» жазғы сауықтыру шарасының жоспары құрылып, бекітілсін.
*Жауаптылар: әдіскер,
тәрбиешілер мен пән мұғалімдері*
2. Жаздағы қауіпсіздік шаралары туралы жадынама таратылып, нұсқаулыққа қол қойылсын.
*Жауаптылар: медбике,
топ тәрбиешілері*

Бақылау мен басшылық жұмыстарына талдау

Балабақша директоры мен әдіскер жұмысының ажырамас бөлігі мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттары ұсынымдарының ұйымдастырылған іс-әрекеттері, режимдік сәттерді ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі тәрбиелеу-білім беру үрдісінде, педагогикалық кеңестің, курстар, семинарлар, кеңестер және тағы басқа ұсынымдардың орындалуларына жүйелі түрде бақылау жасалу болып табылады.

Сондықтан балабақшаішілік бақылау жасалып, директордың қатысуымен өтетін отырыста, педагогикалық кеңестерде қарастырылып отырылады.

Басшылық бақылау 2023-2024 оқу жоспары мен Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім процесін ұйымдастыру туралы 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат негізінде жүзеге асырылды.

№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы 2 жастан 6 жасқа арналған 11 топты жаңа оқу жылына дайындап, қауіпсіз білім беру орталарын мемлекеттік стандарт талаптарына және әдістемелік нұсқау хат мазмұнына сай безендірді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асыру мақсатында керекті құжаттар толықтырылып, серуен алаңдары тексерістен өткізілді. Перспективалық жоспарлар мен апталық циклограммалар жазылып, әдіскерлер тарапынан тексеріліп, директормен бекітілді.

Балабақша ғимараты 1977 жылы салынған, 4 топта жатын бөлмелері қарастырылған, қалған жеті топта ойын бөлмесі мен жатын бөлмесі бір. Қабырғалар боялмаған, ескі, терезелер жаңартуды талап етеді. Сметалық құжаттары дайындалған.

Жыл көлемінде барлық топтар субояуларымен ақталып, тазалық жүргізілді. Заттық дамытушы орталықтары балалардың таным қызығушылықтарына қарай түрлі белсенділік орталықтарына бөлініп, жабдықталды. Зияткерлік, зерттеушілік бұрыштар құрылды. Ата-аналардың атсалысуымен толықтырулар жүргізілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын «Step by Step» технологиясы негізінде жүзеге асыру қолға алынды.

Басшылық пен бақылаудың жылдық жұмысын қорытындылай келе жаңа оқу жылына келесі міндеттер қабылданды:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда «Step by Step» технологиясын білім беру сапасын арттыру құралы ретінде жүзеге асыру;
- Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында педагогикалық және инновациялық технологияларды игеру, өз тәжірибесінде қолдану;
- Жас маманның кәсіби деңгейін арттыру мақсатында түрлі іс-шараларға қатыстыру.

Басқару жұмыстарының тағы бір бағыты балабақша қызметкерлерінің «Террористік актілерді болдырмау үшін сауаттылықтарын арттыру бойынша» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі» іс-шараларды өткізу.

1. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 бекітілген) қаулысымен сәйкес қызметкерлермен 2023-2024 оқу жылында нұсқаулықтар жүргізіліп отырылды. МДҰ «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының төлқұжаты» басшының ротациялануына байланысты толықтырулар мен өзгерістер енгізіле отырылып (ақпан, 2024 жыл) Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің экстремизмге қарсы басқарма басшысымен келісіліп қайта бекітілді.

Қосымша «Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын өткізу» журналы толтырылып отырылды.

Қолайлы жағдайлар мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша МДҰ бейне бақылаумен қамтамасыз етілген. Жалпы бейнебақылау камерасының саны – **36** дана, сырт жақта- **17** дана, ішкі жағында -**19** дана орналасқан.

Жыл көлемінде бейнебақылаулар және дабылқағушы жүйенің сапасын және «Тексеріп кіргізу режимін» бақылау жүйелі жүргізілді. Ақпараттық «Терроризмге қарсы» қабырғаларын (балаларға, қызметкерлерге арналған жарылыс қауіпі бар затқа ұқсас заттар бейнеленген және т.б. көрнекіліктер) тоқсанына 1 реттен кем емес жаңартылды.

Сонымен қоса жылдық жоспарға сай «Почта арқылы жіберілген жолдамаларда күдікті заттар табылған кезде» (қыркүйек айы), «Объектінің аумағында күдікті адамдар мен заттар табылған кездегі іс-қимыл алгоритмі» (желтоқсан айы), **Террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған объектілерді бейнебақылау жүйесі туралы үлгілік мәліметтерді толтыру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес №1 қосымшаны толтыру:** «Террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған объектілерді бейнебақылау жүйесі туралы үлгілік мәліметтер» (наурыз айы), «Лаңкестік АКТ-і жасау немесе қауіпі төнген кезде лауазымды тұлғалардың алдын алу шаралары мен әрекеттері: Жарылғыш қондырғысына ұқсас зат табылған кезде» (мамыр айы) жүргізіліп, қызметкерлермен тәжірибелік сабақтар өткізілді.

1. <https://www.instagram.com/p/C2MtHrXKqYf/?igsh=d3Nsa3ZhaDA1MnYw>
2. <https://www.instagram.com/p/C5DgdvMLAfj/?igsh=bnFoZmwwMGYycnIz>

Қазіргі уақытта істен шыққан бейнекамералар жоқ.

2023-2024 оқу жылында ұрлық пен бұзақылық тіркелген жоқ.

Дабыл түймесі (хабарлау жүйесінің болуы) орнатылған. Күзет қызметі бойынша «Восточный Рубеж» ЖШО мекемесімен келісімшарт жасалды. Қосымша штаттық кестеге сай кіре беріс күзетші (вахтер) мен күзетшілер (3 адам) күзет қызметін атқарады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі» іс-шаралар МДҰ **комплаенс-қызметінің** 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сай жүргізілді. Комплаенс қызметіне жауапты тұлға МДҰ басшысының 09.10.2023 жылғы №123-Ө бұйрығымен тағайындалған. Жоспарға сай жыл көлемінде «Қазақстан Республикасы-ның 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу» бойынша қызметкерлермен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жыл көлемінде сенім жәшіктерінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен хаттары тіркелмеді.

2024 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комплаенс қызметінің курсына мекеме басшысы Аубакирова Венера Айтбаевна мен комплаенс қызметіне жауапты Нургазинова Жанат Хабасовна оқып, сертификат иеленді. – 29990 тг.

Сонымен қоса «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг» жүргізіліп, «Ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау» жүргізілді. Талдау МДҰ «aria_2010» инстаграм парақшасында орналастырылды.

1. <https://www.instagram.com/p/C7Q9EoaKLEl/?igsh=MW5mcHNiM21jcm8zZQ==>

5. Оқу-материалдық активтер

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК оқу-материалдық активтеріне сипаттама.

Ғимарат 2 қабатты, құрылыс ауданы – 1082,7, ғимараттың көлемі – 9420, жалпы ауданы – 2597,9, салынған жылы – 1977 жыл

Балабақшаның техникалық паспорты 22.02.2011 жылы жасалған.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

ШҚО «Өскемен қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-де 2011 жылғы «21» желтоқсанында жер учаскесіне меншіктік құқығын, жер пайдалану құқығын беретін актілер жазылатын кітапта №424 болып жазылған.

Жер учаскесінің Кадастрлық номері: 05-085-069-1038, жер учаскесінің алаңы: 0,8626 га (көшірме қосымша ұсынылды)

Арнайы музыка және спорт залдары қарастырылған.

Асқаналық және медициналық блоктар нормаға сай жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Материалды-техникалық базаны нығайту мақсатындағы атқарылған шаруашылық жұмыстарға талдау

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның атауы «ШҚО қаржы Басқармасы» ММ 2021 жылғы 11 қаңтарындағы № П-51(К) бұйрығы негізінде «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны болып қайта тіркелді.

Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ34RVK00004143 хабарлама 2015 жылдың 26 тамызында алынды.

Медициналық қызметпен айналысу бойынша лицензия 2021 жылдың 03 наурызында қайта рәсімдеуден өтті.

Алғашқы берілген күні: 02.03.2012 жыл

Лицензиар: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. «Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесі.

Жер учаскесінің Кадастрлық номері: 05-085-069-1038

Жер учаскесінің алаңы: 0,8626 га

Ғимараттың көлемі – 9420

Жалпы ауданы – 2597,9

Бадабақша-бөбекжай қазақ тілінде 2 жастан 6 жасқа дейінгі 270 балаға арналған.

2023-2024 оқу жылында МДҰ материалдық-техникалық базасын нығайту барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Олар:

- Тұрмысқа қажеті жуғыш заттарға – 1117887,28 тг
- Ойыншықтарға – 846326,6 тг;
- Кеңсе тауарларына – 65800 тг
- Қолжуғыш тумбасымен (4 шт) – 196474,88 тг
- Балалар әжетханасы (7 шт) – 241080 тг
- Бұрышқа арналған қолжуғыш (2 шт) – 38640 тг
- Металискатель (1 шт) – 8300 тг
- Кілем (3 шт) – 183000 тг
- Кілемшелер (11 шт) – 165000 тг
- Триммер – 26999 тг

Сонымен қатар төмендегідей қызметтер көрсетілді:

- Медициналық тексеру – 200000 тг

- Техникалық тексеру – 83999 тг
- Ас бөлмесін техникалық тексеру – 83999 тг
- Ойын алаңындағы құмдарды тексерістен өткізу – 709821 тг
- Асханадағы пешті жөндету – 149999 тг
- Бейнебақылау жүйесін жөндеу – 64160 тг
- Келісімділік комиссиясын оқыту – 9400 тг
- Террористік оқу – 29990 тг

6. Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК әдістемелік кешендермен жабдықталуы туралы төмендегідей ақпаратты көруге болады.

Балабақшада электрондық ресурстар базасы бар

- Стационарлық компьютер – 6 дана
- Ноутбук – 1 дана
- Принтер – 5 дана
- Интерактивті тақта – 6 дана
- Проектор – 4
- Экран на треноге -1
- Синтезатор – 1
- Музыкалық орталығы – 3
- Магнитофон –1
- Интернет желісі

Топтарда төмендегідей балалар әдебиеті, дидактикалық және әдістемелік кітаптар қоры жинақталған.

Оның ішінде:

1. Кіші топтарда – 35 дана
2. Орта топтарда – 79 дана
3. Ересек топтарда – 106 дана
4. Мектепалды даярлық топтарда – 91 дана

Барлық топтарда таңғы жағтығулар, қимылды қозғалыс ойындар, серуен, 5 білім дағдылары бойынша дидактикалық ойындар картотекасы жинақталған.

1. Сонымен қоса әдістемелік бөлмеде:
2. «Бала мен балабақша» журналы- 9 дана
3. «Отбасы балабақша» журналы - 8 дана
4. «Қазақстан құқықтық мемлекет» журналы - 1 дана
5. «Балдырған» журнал - 20 дана

Сонымен қоса «Адам денесі» балалар энциклопедиясы, «Қиял-ғажайып ертегі», «Тілашар», «Алтын мүйізді кит», «Айлакер қоян», «Жалқау мысық», «Мысық тышқан мен торғайға неге өш», «Большая книга правил поведения», «Әжемнің ертегілері», «Қайырымдылық», «Қызыл телпек», «Алтын сақа», «Алдар көсе хикаялары», «Қасқыр мен жеті лақ», «Бремен музыканттары»,

«Жұмбақтар», «Жаңылтпаштар», «Қасқыр мен жеті лақ», «Қазақ оркестірі», «Ойыншықтар», «Заюшкина избушка», «Маша қыз бен аю», «Көжектің үйшігі», «Бармалей», «Правила безопасности на дороге», «Ыдыс аяқ», «Қазақ халық ертегілері», «Үй жынуарлары», «Қоршаған орта», «Ғажайып буындар», «Түлкі бике мен қасқыр», «Ата-баба мұрасы», «Бауырсақ», «Азбука животных», «100 жұмбақ», «Чудесные сказки», «Қазақ ертегілері», «Сиқырлы қазғыш-таяқша», тақырыптарындағы әдебиеттердің 1 данасынан жасақталған.

Дидактикалық құралдар: «Түс», «Заттардың пішіні», «20 көлеміндегі сандар» - 2, «Математика» - 2, «Менің Қазақстаным», «Домашние птицы», «Ягоды садовые», «Птицы средней полосы», «Морские обитатели», «Посуда», «Алфавит», «Жыл мезгілдері», «Ат әбзелдері», «Баланың көңіл-күйі», «Ойыншықтар», «Дақылдар», «Орман ағаштары», «Жол белгілері», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Бақша», «Қазақ жауынгерлерінің қару – жарақтары», «Құрал-саймандар», «Әсемдік бұйымдар», «Суретті жұмбақтар», «Ыдыстар», «Теңіз тұрғындары», «Апта-ананың жеті баласы»-2, «Қорықтар», «Музыкалық аспаптар», «Қазақ оюлары», «Қысқы спорттың түрлері», «Балықтар», «Жидектер», «Ұл балалар киімдері».

Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған, заттық дамытушы орта балалардың мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады.

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын игеру деңгейлері:

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№5 «Арай» балабақша-бөбекжайы» КМҚК 2 жастан 6 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі [ҚР Үкіметінің 2021 ж 15 наурызындағы №137 бұйрығы] «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сай жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне [2022 жыл 03 тамыз ҚР БҒМ №348 бұйрығы] және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына [2016 жыл 12 тамыз ҚР БҒМ № 499 бұйрығы] сай жүргізіледі.

Білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың барлық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар балабақша-бөбекжайда ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесіне сай.

2023-2024 оқу жылына 258 бала төмендегі жас ерекшелік топтары бойынша топтастырылды және тәрбие-білім процесі жоспарланды:

№	Кіші топ (2 жастан бастап)	Орта топ (3 жастан бастап)	Ересектер тобы (4 жастан бастап)	Мектепалды даярлық тобы (5 жастан бастап)	Барлығы
Норма бойынша	40	50	75	90	258
Нақты келгендер	43	50	75	90	258

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын дағдыларды қарастырады.

- 1. Физикалық қасиеттерді дамытудың мақсаты** дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына сапалы қарауды, салауатты өмір салты неіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.
- 2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту** балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту болып табылады.
- 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** әрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын, сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру әдіс-тәсілдерін меңгеру болып табылады.
- 4. Шығармашылық дағдылар** өнер туындыларын түсіну және қабылдау дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау.
- 5. Әлеуметтік -эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты** тәрбиеленушілерді, олардың ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметті-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Мекемедегі педагог қызметкерлер өздерінің күнделікті ұйымдастырған іс-әрекетінің соңында жасалатын рефлексиялық бағалаулар неізінде берілген білімді баланың қаншалықты игергенін анықтауға және өзінің кәсіби құзырлық деңгейлерін көруге мүмкіншілік алады.

Қорытындысында бала дамуын үнемі бақылау арқылы оның етістіктерінің деңгейін анықтау ерте жастан бастап іске асырылады.

Мониторинг жүргізу механизмі, баланың даму деңгейлерін есептеу әдістемесі «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының

дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарында» толық көрсетілген.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты әзірлеген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары көрсетілгендей 2022-2023 оқу жылында мектеп жасына дейінгі 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың білім-білік деңгейлерін анықтау мониторингі 3 рет (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізілді.

Жыл көлемінде өз кезеңдерімен жүргізілген мониторинг нәтижесінде педагог қызметкерлер кездескен аймақты мәселелерді анықтап, алдағы уақытта сол мәселені шешу жолындағы жұмыстарын жоспарлап отырды.


Төменде 2023-2024 оқу жылы жүргізілген мониторинг(бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижесімен танысуға болады.

«Балапан» кіші топ балаларының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын» игеру деңгейі (% көрсеткіш)

«Балапан» кіші топ балаларының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын игеру деңгейін анықтау» мониторингісі аралық диагностикадан басталды.

22 баланың 11-і қыз бала, 11-і ұл бала. 22 баланың Төмендегі талдаудан балалардың білім беру салалары бойынша тек бағдарламалық бөлімдерді игеру деңгейлерінің көрсеткіштері талдануда.

Егер салыстырмалы түрде қарасақ:



**Аралық
диагностика
нәтижесі
(қаңтар айы,
2024 жыл)**

**Қорытынды
диагностика
нәтижесі
(мамыр айы,
2024 жыл)**

Жыл көлеміндегі жүргізілген мониторингке (аралық, қорытынды) жазбаша талдау жасау барысында төмендегідей өзгерістерді байқауға болады.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде, жоғары – 23 % деңгейді көрсетті. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 5% көтерілді. Ал орташа деңгейдің 1% -ға, төмен деңгейдің 4% -ға төмендегенін байқауға болады.

«Коммуникативтік» дағдыларды бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде, жоғары: 30%. Ол ақпан айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 4 % -ға өскендігін. Ал орташа деңгейдің 2 % -ға, төмен деңгейдің 1 % төмендегенін байқатады.

Төменгі: 1 % төменгі деңгейді көрсетудің сөйлеуді дамытуда ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауда және балабақшаны көп босатқандықтан төмен деңгейде.

«Шығармашылық» дағдылар бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде жоғарғы деңгей 24 % көтерілген. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 4 % көтеріліп, ал төменгі деңгей 8 % төмендегенін байқатады.

Төменгі: 1% көрсеткен балалар суреттен түстерді ажыратады және оларды дұрыс атауда, қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгеруде және мүсіндеуден мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстыруда тәрбиешінің көмегін қажет етеді.

«Физикалық қасиеттерді» дамытудың бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде, жоғары: 44 %. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 4% жоғарылап. Ал орташа деңгейдің 1 % -ға, төмен деңгейдің 3 % -ға төмендегенін байқатады.

Төмен деңгейді көрсеткен балалар допты нысанаға лақтыруда, белгілі бір ретпен киінуде және шешінуде, ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауда тәрбиешінің көмегін қажет етеді.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылар бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде жоғарғы деңгей 41 % көтерілген. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 5 % көтеріліп, ал төменгі деңгей 2 % төмендегенін байқатады.


Төменгі: 3% көрсеткен балалар табиғаттың маусымдық өзгерістерін атауда балабақшаны көп босатқандықтан тәрбиешінің көмегіне жүгінеді.

«Құлпынай» кіші топ балаларының


«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын игеру деңгейі (% көрсеткіш)

«Құлпынай» кіші топ балаларының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын игеру деңгейін анықтау» диагностикасына 20 бала қатысты. 21 баланың 12- і қыз бала, ал 9-ы ұл бала.

Егер салыстырмалы түрде қарасақ:



Аралық диагностика нәтижесі
(қаңтар айы, 2024 жыл)



Қорытынды диагностика нәтижесі
(мамыр айы, 2024 жыл)

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде, жоғары – 63 % деңгейді көрсетті. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 59% өскендігін. Ал орташа деңгейдің 12% - ға, төмен деңгейдің 45 % -ға төмендегенін байқатады.

«Коммуникативтік» дағдыларды бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде, жоғары: 63%. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 26% -ға өскендігін. Ал орташа деңгейдің 19 % -ға, төмен деңгейдің 16 % төмендегенін байқатады.

Төменгі: 10 % сөйлеуді дамытуда: Ойыншық, киім аяқ киім ыдыс , жиһаз ,көкеніспен жеміс үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын ,көлік құралдарын және жек бас кигинасы заттарын білдіретін сөздерді атай алмайды тәрбиешнің көмгіне сүйенеді.

«Шығармашылық» дағдылар бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде жоғарғы деңгей 61 % көтерілген. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 38 % көтеріліп, орташа деңгедің 32 % ал төменгі деңгей 45 % төмендегенін байқатады.

Төменгі: 5% көрсеткен балалар қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жүргіуден тәрбиешнің көмегін қажет етеді.мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктруден қииналады, сазбалшықты өздігінен илей алмайды)қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыруда тәрбиешнің көмгіне сүйенеді.

«Физикалық қасиеттерді» дамытудың бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде, жоғары: 71%. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 47% жоғарылап. Ал орташа деңгейдің 53% -ға , төмен деңгейдің 14%-ға төмендегенін байқатады.

Төмен деңгейді көрсеткен жүруде тепе-теңдікті сақтмайды, заттардың бойынмен, астымен еңбектенуден қиналады, спорттық жаттығулар орындау техникасын білмейді.


«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылар бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде жоғарғы деңгей 67 % көтерілген. Ол қаңтар айындағы «Аралық диагностиканың» көрсеткішімен салыстырғанда 40% көтеріліп, орташа деңгейдің 38%, ал төменгі деңгей 2% төмендегенін байқатады.

Төменгі: 4 % көрсеткен балалар ата-анасын және өзіне қарап отқанбасқа есектерді таниды бірақ аттарын атай алмайды, дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгеністер мен жемістерді ажырата алмайды, табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсінуге талпынады.


Кіші топ балаларының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын» игеру деңгейлеріне салыстырмалы талдау («Балапан», «Құлпынай» кіші топтары)

2023-2024 оқу жылы (% көрсеткіші)


«ФИЗИКАЛЫҚ» ДАҒДЫ




«КОММУНИКАТИВТІК» ДАҒДЫ




